

УДК 81

Машинбаева Г.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА МОНОЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУГЕ  
ҮЙРЕТУ**

*В статье рассматриваются проблемы изучения монологической речи в преподавании КазКИ.*

*The problems of studying the monological speech in teaching Kazakh language as foreign are considered in this article.*

Монологтық сөйлеу дегеніміз басқа бір адамға немесе өзіне қарата айтылған жалғыз адамның сөзі. Монологтық сөйлеу тіл үйрету кезінде әртүрлі көрінеді. Айталық, тіл үйренудің алғашқы кезеңдерінде ол нақты бір жетек сұрақтарға жауап ретінде көрінуі мүмкін, себебі алғашқы кезеңдерде сұрақтар монолог құруға тірек қызметін атқарады. Олар бір немесе бірнеше сұрақ болуы мүмкін. Ал кейіннен студенттің үйреніп жүрген тілінде өз ойын жеткізу мүмкіндігі жетілген сайын диалог күрделене түсетініні айтпаса да түсінікті. Оларға тоқталатын болсақ, белгілі бір тақырып бойынша тіл үйренушінің сөйлеуі, немесе сипаттама беруі, берілген сурет бойынша сөйлеу, фильмнің үзіндісін айтып беруі т.б. жеке сөйлеу түрлері түгелдей монологтық сөйлеу түрінде жүзеге асады. Тіл үйренушілерді монологтық сөйлеуге үйрету үшін олардың төмендегідей дағдыларын жетілдіру қажет:

1. Меңгерілген типтік сөйлемдерді қарым қатынас мақсатына сай байланыстырып хабарлама құрастырту.

2. Түсініп тыңдауда өз ойын жеткізудің үлгісін түсіндіру және есте сақтату.

3. Белгілі бір үлгі бойынша қысқаша хабарлама дайындатып, оны трансформациялау(кеңейттіру, орын ауыстырту, кішірейту).

4. Баяндау, сипаттау түрінде (суретті, фильмді, диафильмдерді тірек ете отырып немесе ешқандай тірексіз) таныс тақырыпқа мәлімдеме құрастыру.

5. Пайымдау элементтерін қатыстыра отырып белгілі бір жоспарға сүйеніп немесе жоспарсыз хабарлама (белгілі бір оқиғаға баға беру, оқиғаға қатысқан адамдардың бағасы, өзінің естіген мәліметіне немесе оқыған мәтініне қатысын білдіру) дайындау. Бұл дағдылардың қалыптасуы өз ойын логикалы етіп, байланыстыра жеткізуді мақсат ететін шартты сөйлеу жаттығуларының негізінде жүзеге асырылады. Ол жаттығулар белгілі бір тілдік амалдарды тірек етуіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

1. Белгілі бір сұрақтарды тірек ретінде қолданып берілетін жаттығулар. Тіл үйренушілер белгілі нақты сұрақтарға бірнеше сөйлеммен өз ойларын жеткізіп жауап бере отырып монолог құрастыра алады. Мұндай жағдайда сұрақтар логикалық жүйеге сыйыстырылып берілуі тиіс. Айталық, *сенің атың кім? Сенің фамилияң кім? Сенің әкешіңнің аты-жөні кім? Сенің ұлтың қазақ па, қытай ма?* Аталған сұрақтардың барлығына біртіндеп жауап беріп болған соң, оның барлығын жинақтап айтқанда тіл үйренушінің ең алғашқы қысқа түрдегі айтатын өзі туралы мәліметі берілген монологы шығады.

2. Жаттығулардың келесі бір тобына монологтық сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар жатады, оларды логика-синтаксистік сызба бойынша құрылған жаттығулар деп атауға болады. Мұнда фразалардың бірізділігі сақталады, олар белгілі бір ой мен логиканы дамытуға негізделіп құрылғандықтан ондағы сөйлемдер бір-біріндегі ойды жалғастыра құрылған болып келеді. Ондай жаттығулардың арасы – *Мен ұнатамын... Мен де ұнатамын... Мейлінше жиі... Бірақ...* сынды дәнекерлеуші бірліктермен байланыстырылады.

3. Белгілі бір жағдаятты тірек етіп берілген жаттығулар:

а) жоспар бойынша әңгімелеу;

б) арнайы жоспарсыз әңгімелеу.

4. Мәтінге сүйеніп берілген жаттығулар.

5. Көрнекі құралдарға сүйеніп берілген жаттығулар.

6. Тақырыпқа сүйеніп берілген жаттығулар.

Мұнда жоспар бар болуы да мүмкін, немесе жоспарсыз әңгімелеу тапсырылуы да мүмкін. Тілді шет тіл ретінде меңгеруде монологтық сөйлеудің маңызды болуы себебі мұнда монолог арқылы тіл үйренуші өз ойын жан-жақты жеткізе алады. Монологтық сөйлеу – бұл бір адамның өз ойын жан-жақты, ашық түрде белгілі бір жағдаятты бағалап, соған сәйкес пікір білдіріп сөйлеу түрі болып табылады. Тілді шет тіл ретінде оқытудағы басты мақсаттардың бірі коммуникативті-мотивті, логикалық жүйелі әрі бірізді өз ойын ауызша түрде тиянақты жеткізе алатын монологтық сөйлеуге жеткізу болып табылады. Тіл үйренушілерді монологтық сөйлеуге үйрету үшін монологтық сөйлеудің психологиялық жақтарына тоқталып өткеніміз жөн.

Монологтың ерекшелігі оның құрылымын, оған қатысты тілдік бірліктерді сөйлеуші бір адам ғана жасай алады. Монологтық сөйлеу өнімді, өнімсіз сипатта болуы мүмкін. Өнімсіз сөйлеу коммуникативті бола алмайды. Монологтық сөйлеу диалогтық сөйлеу сияқты жағдаяттық қамтылған, сондай-ақ психологтар дәлелдегендей белгілі бір мотивке бағытталған болуы тиіс. Демек өзге тілде сөйлеп отырған тіл үйренуші сол тілде айтып отырған мәліметті жеткізуге деген өзінің қалауы болуы қажет. Монолог қолдануға қатысты белгілі бір жағдаят монолог тудырушы сәт бола алады. Яғни, монологты тудырмас бұрын жағдаят қажет болады да артынан ол контекстік сипат алады. Монологтың диалог пен полилогтан басты айырмашылығы монолог олар сияқты жағдаятқа тәуелді емес керісінше, ол контекстік болып табылады. Монологқа тән басты психологиялық ерекшеліктер ретінде оның үздіксіз қолданылатындығын айтуға болады. Монологты сөйлеу контекстілігіне қатысты арнайы талаптар қойылады. Ол талаптар төмендегідей болып табылады. Ол ең алдымен өз алдына түсінікті болуы тиіс, яғни ол диалогтық жағдаяттық сөйлеуде ерекше роль ойнайтын тілдік емес құралдардың көмегінен түсінікті болуы шарт. Бірізділік, логикалық, толымдылық, мазмұн бірлігі сынды қасиеттер монологтық сөйлеудің контекстілігіне қатысты маңызды қасиеттері болып саналады. Монологтық сөйлеудің коммуникативті қасиеттері ретінде оның төмендегі қасиеттерін атап өтуге болады:– ақпараттылығы, демек ол заттар мен қоршаған шындық өмірдегі құбылыстар туралы хабарлама; әсер етушілік қызметі – белгілі бір пікірлер мен көзқарастардың дұрыстығына сендіреді; эмоционалды– бағалаушылық – яғни оның белгілі бір іс-әрекетті орындауға шақыруы немесе керісінше ол істі істеме деп бағыт беруге қатысты қызметі. Психологиялық әдебиеттерде диалогтық сөйлеуді монологтық сөйлеумен салыстыру күрделі әрі қиын екендігін басып айтады. Себебі, ол сөйлеушіден өз ойын есеп бере отырып, нақты, бірізді, толық, жүйелі анық айтуын талап етеді. Шетелдік студент тілдік бірліктер мен құралдардың барлығын тегіс меңгермегендіктен өзге тілде өз ойын монолог арқылы жеткізуде қиындыққа тап болуы мүмкін. Осы жерден біз монологтық сөйлеуге лингвистикалық сипаттама беріп өткеніміз дұрыс. Тілдік тұрғыдан келгенде монологтық сөйлеу сөйлемдерінің құрамының толықтығымен, ойды жеткізгенде толық түрде жан-жақты мазмұндылығымен ерекшеленеді. Монологтық сөйлеудің қарым-қатынас жасау мақсатына қарай мынадай түрлері бар: монолог-ақпарат; монолог-сипаттау; монолог-талқылау; монолог-баяндау; монолог-дәлелдеу, көзін жеткізу, сендіру. Монологтық жаттығулардың түрін анықтауда мынадай критерийлерді есепке алып отырған жөн: 1. Монолог түрі (хабар, баяндау, сипаттама, пайымдау); 2. Айтылатын ойдың байланыстылығы мен логикалығы, сонымен қатар айтылатын сөздің құрылымдық-құрамдық аяқталған болуы; 3. Айтылатын ойдың көлемі (толымдылығы) – тақырыптың ашылу деңгейі мен сөйлемдер саны; 4. Тілдік құралдардың (лексикалық және грамматикалық) қиыстырылу деңгейі; 5. лексика-грамматикалық (оның ішінде синтаксистік те бар) дұрыстығы. Әдістемелік тұрғыдан алғанда ең маңыздысы монологтық сөйлеуге үйретуде ең алдымен олар сүйеніп орындалатын тірек маңызды

болып табылады, екіншіден ойды айту мақсаты аса қажет болып табылады. Ондай тірек қызметін ең алдымен 1) көрнекілік, 2) мәтін, 3) жағдаят, 4) тақырып (тақырып фрагменті), проблема. Бұл тіректерді қолданудың бірізділігі тіл үйрету кезеңінің алғашқы кезеңінде қолданылады да одан кейін тіректер өзгеріп отырады. Тіл үйретудің ортаңғы кезеңінде олар: 1) жағдаят, 2) көрнекілік, 3) мәтін, 4) тақырып; жалғастырушы топтарда 1) мәтін, 2) тілдік жағдаяттар, 3) көрнекілік (суреттер сериясы, кинофильм), 4) тақырып, проблема. Контекстік сөйлеуді қалыптастыруда басты тірек ауызша және жазбаша мәтін болып табылады. Монологтік қабілеттердің композициялық-құрылымдық бірліктерін қалыптастыру үшін үлгі ретінде анық құрылымы бар «эталон» мәтін қолданылады, ол үш бөлімнен тұруы тиіс. Ең алдымен кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімі бар болуы тиіс. Сонда мұнда нақты бір монолог құру үшін арнайы сызба пайда болады. Бір-бірімен байланысты ойдан тұратын монолог құрау үшін ең маңыздысы және қиыны оның құрамына кіретін сөздерді таңдау болып табылады, сондай-ақ фразаларға қажетті логикалық екпіндерді тауып қою маңызды. Лингвистикалық еңбектерде көрсеткендей кез-келген мәтіннің бірінші сөйлемге жетекшілік қызмет атқарып өзінен кейінгі сөйлемдер легіне нұсқау беріп тұратындығы белгілі. Әдістеме бойынша монологтық сөйлеуге үйретуде екі жол бар: «жоғарғы жақтан үйрететін жол» мұнда аяқталған мәтінді тірек ету арқылы үйретеді, «төменгі жақтан үйрететін жол», мұнда тіл үйрету қарапайым ойды жеткізу түрінде сөйлемдердің көмегі арқылы жүзеге асады. «Жоғарғы жақтан үйрететін жол» – толық мазмұнды мәтіннің жоспарымен жұмыс істеу арқылы, яғни мәтінге тиісті тілдік бірліктермен және оның композициясымен, сондай-ақ студенттердің өз ойын жеткізу үшін құрастырған монологты құрастыру үшін тірек етіп алатын мәтіннің құрамында қолданылатын барлық бірліктер пайдаланылады.

– Студенттерді мәтінмен таныстыру (жаттығулар: мәтінді оқыту, сұрақтарға жауап беру, жоспар, сөйлемдердің реті, қысқаша мазмұндау).

– Мәтін мазмұнын жеткізу (үшінші бір адамның атынан немесе кейіпкердің атынан жеткізу).

– Жағдаяттың өзгеруі.

«Төменгі жақтан үйрететін жол» ол мәтінге қатсты сөйлемдерді пысықтап, жинақтап, монолог құрастыруға дейін жұмыс істеуді көздейді.

– Тіл үйренушілердің нақты бір мәтін бойынша өз пікірін (белгілі бір логикалық ретпен тіл үйренушілер оқытушының көмегі арқылы айтып шығады) айтып шығады.

– Айтылған пікірлер арасында мәтіндік және логикалық байланыстарды орнату кезеңі.

– Тіл үйренушілер берілген тақырып бойынша құрамында жеке көзқарастары мен бағалауы қатыстырылған өз монологтарын тудырады. Олардың өздері жасаған монологтарын бақылап отырған дұрыс, өз беттерінше құрастырған монологтарына тексергенде мынадай тұстарына ерекше назар аударуымыз тиіс:

1. Монолог түрлерінің белгілі бір нақты тақырыптарға сәйкес келуі.

2. Пікірдің логикалығы, байланыстылығы.

3. Пікірдің көлемі.

4. Тілдік тұрғыдан дұрыстығы.

Монологтық пікір әртүрлі болуы мүмкін: 1) сөз (сөз формасы), 2) сөз - сөз тіркесі, 3) фраза, 4) фразалардың бірлігі, 5) мәтін. Монологтық пікірді тілдік бірлік ретінде түрлі деңгейде қолдануға болады. Ол лебіз түрінде болуы да мүмкін, реплика түрінде болуы мүмкін, сұрақ, баяндама, әңгіме, мәтін түрінде де болуы мүмкін. Монологтық пікірге қатысты айтылатын әр деңгейдің өзіне тиісті моделі бар. Айталық онда сөзге қатысты сөз жасам және олардың түрлері, сөз тіркестері. Ал басқа деңгейлер үшін олардың негізгі құрылымдық сипаты маңызды. Кез келген модель тілдік тұрғыдан толықтырылған болғанда ғана сөйлеу ретінде қызмет ете алады. Монологтық сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін оқытушы оның техникасын жақсы меңгерген болуы тиіс. Сондықтан қазақ тілін шет тіл ретінде оқыту сабақтарында шетелдіктерге әрбір монологқа барар жолды белгілі бір

кезеңдерге бөліп, әр кезең мақсатын анықтай отырып жұмыс жүргізген жөн. Олар мынадай болуы мүмкін:

Алғашқы кезеңде бір аяқталған ойды айтатын сөйлемдерді айтқызып үйретеміз. Ол белгілі бір нақты тақырыпқа қатысты айтылған сөйлем немесе фраза болуы мүмкін. Ең бастысы, қысқа да түсінікті болуы тиіс. Айталық, оқытушы бір тақырыпты атайды, студенттер соған қатысты сөздерді, содан соң сол бірнеше сөзбен сөйлем айтады. Бірақ, бір ескеретіні бұл кезеңде олар өздері айтқан сөздердің, сөйлемдердің арасын міндетті түрде дұрыс байланыстырып өтуі шарт емес. Тіл үйренуші екі түрлі ой айтты, бірақ олар тақырыптық жағынан бір-бірімен етене байланысты болмаса да болады.

Екінші кезеңде олар өздері айтқан фразалардың арасында міндетті түрде логикалық байланыстың болуына назар аударулары тиіс. Айталық, Сеул қаласы үлкен. Сеул қаласы таза. Осындай бір модельде берілген сөйлемдер болса, оларды басқаша логикамен құрауға үйретеміз. Олардың арасында логика сақталуы тиіс, бірақ екінші сөйлемнің басқа модельмен берілгендігі жөн.

Үшінші кезеңде студенттер өздері құрастырған сөйлемдер қатарына талдау, өз пікірлерін, көзқарастарын айтуға қатысты сөйлемдерді қатыстыра бастайды. Демек осы үшінші кезеңде өз ойын айтуға қатысты логикалық міндеттер қойылады.

Үйрету кезеңінің соңғы сатысында тіл үйренуші өз ойын екі-үш фразамен, барлық элементтерді қатыстырып толық айтып шығуға тырысуы тиіс. Мұнда айтатын ойға қатысты қолданылатын тілдік бірліктер саны мейлінше көбейіп кетуі тиіс. Тіл үйренуші өз ойын шағын монологпен, сапалы етіп жеткізуі де мүмкін.

Монологты сөйлеуге үйрету үшін қолданылатын тіректердің маңызы зор. Тіректерді дұрыс таңдап алып, оларды өмірдің түрлі жағдаяттарына қатысты қолдану тіл үйренушілердің өмір тақырыптарына қатысты шынайы монолог құрай алуларына мүмкіндік тудырады. Тіректер сөздік (тілдік) немесе бейнелу түріндегі тіректер болып екіге бөлінеді. Кел-келген тіректер олардың өз ойын айтуға басшылық жасаушы құрал бола алады. Енді осы құралдарға тоқталайық. Сөздік мазмұнды (тілдік) тіректерге: мәтін (көзбен көретін яғни оқылатын мәтін), мәтін (тыңдалатын мәтін), шағын мәтіндер оқылатын және тыңдалатын, жоспар, логика-синтаксистік сызба, афоризимдер, лозунгтар, жазулар, қолтаңбалар, т.б. Екінші бейнелік тіректерге: кино, диафильм, суреттер сериясы, фотосуреттер, диаграмма, сызба, кесте, цифрлар, даталар, карикатуралар жатады. Берілген барлық тірек құралдар ақпаратты болып келеді. Олардың кейбірінде ақпарат жасырын, кейбірінде ашық түрде болады. Сондай-ақ ондағы ақпараттар көлемі, сапасы жағынан да бірдей емес. Оқытушының мақсаты оларды қолданғанда әрбір тірек құралы студентке не береді деген сұраққа байланысты ойланып барып әрекет етуі тиіс.

Қазақ тілін шет тіл үйрету сабақтарында монологтық сөйлеуге үйретуде оқытушы мынадай мәселелерді ескеруі тиіс:

1. Тіл үйренушілерді қазақ тілін шет тіл ретінде оқыту сабақтарында монологтық сөйлеуге үйретуде олардың тілді меңгеру деңгейлерін ескеру керек, яғни тіл үйренуші бастаушы топта оқи ма, жалғастырушы топта оқи ма, нақты анықтап алғаны дұрыс. Оларға монолог құрастыруға берілетін тапсырмалар тілді меңгеру деңгейіне ыңғайластырып берілуі тиіс.

2. Тіл үйретуде монологтық сөйлеуге үйрету үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі әдістерді өзінің тіл үйретіп жүрген топтардың ерекшелігіне қарай таңдап алған дұрыс.

3. Монологтық сөйлеу жүйесін дұрыс қалыптастыру үшін әрі оның нәтижелі жұмыс істеу үшін әдістемелік тұрғыдан жаттығулар кешені дұрыс таңдалынып алулары қажет. Оқу әдістерінің дәстүрлі, дәстүрлі емес формалары дұрыс таңдалынып алулары тиіс, оқу материалын мазмұндау үздіксіз түрде әрі бірізділік сақтап жүзеге асуы тиіс. Ең бастысы тіл үйренушілер өздері оқып жатқан тілді қарым-қатынас құралы ретінде саналы түрде қолданып, сезінулері дұрыс.

5. Монологты сөйлеуге үйрету бағытында белгілі бір мақсат ұстап жүйелі жұмыс істеу ойлауға қатысты күрделі мәселелерді шешкен жағдайда өз ойларын берілген тілде

нақты айтып жеткізу мүмкіндігіне ие бола алады.

6. Монологтық сөйлеуге үйретуде тіл үйренушілерді қызықтыру үшін таңдалынып алынған жаттығулар түрлендіріліп, қызықты етіп, олардың назарын аударатындай етіп іріктеп алуға тиіспіз.

7. Монологтық сөйлеуде басты ескертініміз тіл үйренушілер тек тыңдаушылар ғана болып қалмаулары тиіс. Олар монологтық сөйлеуді дамытушылар болып табылулары тиіс.

Әдебиеттер:

1. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. –М., 1988.
2. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. –М., 1989.–М., 1995.
3. Скалкин В.Л. Обучение монологическому высказыванию: Пособие для учителей. –Киев, 1983.